

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі
Астана қаласының Әділет
департаменті
Заңды тұлғаны мемлекеттік
қайта тіркеу жөніндегі
290 ж.к. 05.07
Күні: 3434-1901-11
Алғашқы тіркелген күні: 1995 жыл 28.04

«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ
Директорлар кеңесі отырысының
2009 жылғы 5 қарашаның № 22 шешімімен



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
**ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕРМЕН
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР**
20 09 ж. 08. 12 күргенді
БСН 950440000101
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 1995 ЖЫЛ 28.04

**«АЗЫҚ-ТҮЛІК КЕЛІСІМ ШАРТ КОРПОРАЦИЯСЫ»
ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
ЖАРҒЫСЫ**

Қазақстан Республикасы
Астана қаласы, 2009 жыл

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) осы Жарғысы Қоғамның атауын, орналасқан жерін, заңды мәртебесін, мақсатын, принциптерін және қызметінің негізгі түрлерін, құрылу тәртібін және басқарушы органдарының құзыретін, оны қайта ұйымдастыру және қызметін тоқтату тәртібін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерін айқындайды (бұдан әрі - Заңнама).

2. Қоғамның атауы:

мемлекеттік тілде:

толық: «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

қысқаша: «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» ҰК» АҚ;

орыс тілінде:

толық: акционерное общество «Национальная компания «Продовольственная контрактная корпорация»;

қысқаша: АО «НК «Продкорпорация»;

ағылшын тілінде:

толық: Joint Stock Company «National company «Food contract corporation»;

қысқаша: JSC «NC «Food contract corporation».

3. Қоғамның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Мәскеу көшесі, 29/3.

4. Қоғамның корпоративтік веб-сайты – www.fcc.kz.

5. Қоғамның қызмет ету мерзімі шектелмеген.

2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

6. Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 220 Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралары туралы» 2006 жылғы 23 желтоқсандағы № 1247 қаулысының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік азық-түлік келісім шарт корпорациясын қайта ұйымдастыру туралы» 1997 жылғы 24 ақпандағы № 260 қаулысының негізінде әрекет етеді.

7. Қоғам акционерлік қоғамның ұйымдастырушылық-құқықтық түрінде құрылған коммерциялық ұйымы болып табылады, оның дербес балансы, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқыққа ие бола алады және оны жүзеге асырады, міндетті болады, сотта талап етуші және жауап беруші бола алады. Қоғам Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болды.

8. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Астық туралы» Заңын, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Жарғыны (бұдан әрі - Жарғы) басшылыққа

алады.

9. Қоғамның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады. Қоғамның қызметін қаржыландыру жарғылық капиталдың қаражаты есебінен, кірістер және заңнамамен тыйым салынбаған басқа да көздер арқылы жүзеге асырылады.

10. Қоғамның мөрі, мемлекеттік және орыс тілдерінде толық атауы берілген бланкілері, өзінің тауарлық белгісі және Қоғам Басқармасымен бекітілетін және белгіленген тәртіппен тіркелетін өзге де символикасы болуы мүмкін, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі штамптары, корпоративтік веб-сайты, сондай-ақ өз қызметін жүзеге асыруға қажетті басқа да деректемелері бар.

11. Қоғам Заңнамада белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқықты.

3. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ

12. Осы Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады. Барлық мүдделі тұлғалар Жарғымен танысуға құқықты.

4. ҚОҒАМНЫҢ МАҚСАТЫ, ПРИНЦИПТЕРІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ

13. Қоғам қызметінің мақсаты және мәні болып табылады:

астықты, оның өңделген өнімдерін, оның ішінде мемлекеттік ресурстарды сатып алу, қалыптастыру, есепке алу, сақтауды ұйымдастыру, жаңарту, орнын ауыстыру, сатуды қамтамасыз ету;

агроөнеркәсіптік кешенді қолдау бойынша шараларды жүзеге асыру.

14. Қоғам қызметінің принциптері:

1) Қоғам қызметінің мемлекеттік аграрлық саясатқа және заңнамаға сәйкес келуі;

2) Қоғам қызметінің жариялылығы;

3) Қоғам қызметінің ашықтығы және айқындығы.

15. Қоғам өзінің жарғылық мақсаттарын іске асыру үшін мынадай негізгі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

астықты, оның өңделген өнімдерін, оның ішінде мемлекеттік ресурстарды сатып алу, қалыптастыру, есепке алу, сақтауды ұйымдастыру, жаңарту, орнын ауыстыру, сату;

банктік операциялардың жекелей түрлерін, сонымен бірге несие беруді жүзеге асыру;

агроөнеркәсіптік кешенде инвестициялық жобаларды іске асыру;

Қоғамның стратегиялық даму құжаттарына сәйкес Заңнамаға қайшы келмейтін қызметтің өзге де түрлері.

16. Қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыру үшін уәкілетті органның арнайы рұқсаты (лицензия, сертификат) қажет болған жағдайда, Қоғам

белгіленген тәртіппен тиісті рұқсат (лицензия, сертификат) алғаннан кейін қызметтің осы түрлерін оған сәйкес жүзеге асырады.

5. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

17. Қоғам заңнамада көзделген барлық құқыққа ие және міндеттерге жауапты.

18. Қоғамның Жалғыз акционердің мүлкінен оқшауланған өз мүлкі болады және ол оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауап береді.

19. Қоғам мемлекет міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

20. Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, келісім-шарттар) жасайды, мүлдікті және жеке мүлдікті емес құқықтарды және міндеттерді сатып алады, сотта талапкер және жауапкер болады, сондай-ақ Заңнамамен тыйым салынбаған басқа да іс-қимылдарды жүзеге асырады.

21. Қоғам қорғалатын құжаттарды, технологияларды, «ноу-хау» және басқа да ақпаратты сатып алуға және оларды иелену құқығына ие болады.

22. Қоғам шығару тәртібі мен талаптары, орналастыру, айналымы мен өтеу шарты Заңнамамен белгіленген бағалы қағаздар шығара алады.

23. Қоғам өзі орналасқан жерден тыс Қазақстан Республикасында және шетелде филиалдар (өкілдіктер) құра алады. Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлғалар болып табылмайды және олар туралы бекітілген Ережелер негізінде Қоғам атынан және тапсырма бойынша әрекет етеді. Қоғам оларға өзінің жеке мүлкінің есебінен негізгі және айналым құралдарын бөледі және Заңнамаға сәйкес олардың қызметінің тәртібін анықтайды. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі олардың жеке балансында және жалпы Қоғам балансында есепке алынады.

24. Филиалдар мен өкілдіктердің қызметін белгіленген ішкі тәртіп құжаттарымен Қоғамның Басқарма төрағасы тағайындаған және сенімхат негізінде жұмыс істейтін тұлғалар басқарады.

25. Қоғам жұмыскерлеріне ақы төлеуге, материалдық-техникалық жабдықтауға, оларды әлеуметтік дамытуға, кірісті бөлуге, кадрларды іріктеуге, орналастыруға және қайта дайындауға байланысты барлық мәселелерді дербес шешеді.

26. Қоғам белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және одан шет жерлерде орналасқан банктерде және басқа да қаржы мекемелерінде ұлттық және шетел валютасында шоттар ашуға құқықты.

27. Қоғам Заңнамаға сәйкес қазақстандық, сондай-ақ шетелдік заңды және жеке тұлғалардан теңге және шетел валютасында қарыз алуға және несиені пайдалануға құқықты.

28. Қоғам ішкі құжаттаманы әзірлейді және бекітеді.

29. Қоғамның Заңнамада және осы Жарғыда көзделген басқа да құқықтарға ие болуы және басқа да міндеттері болуы мүмкін.

6. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

30. Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны аясында Қоғам қызметімен байланысты шығын тәуекелін көтереді.

31. Жалғыз акционердің мыналарға құқығы бар:

1) Заңнамада және Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Жалғыз акционер немесе Жарғыда анықталған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) тіркеушіден немесе атаулы ұстаушыдан Қоғамның бағалы қағаздарына оның меншік құқығын растайтын үзінді алуға;

5) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға;

6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде дауласуға;

7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау салу түскен күннен бастап отыз жұмыс күнінің ішінде дәлелденген жауап алуға;

8) Қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін иеленуге;

9) заңнамалық актілерде көзделген жағдайды қоспағанда, Заңнамада белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

10) Заңнамаға сәйкес Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға;

11) Директорлар кеңесі мәжілісін шақыруды талап етуге;

12) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуді талап етуге.

32. Жалғыз акционер заңнамада және Жарғыда көзделген басқа да құқықтарға ие болады.

33. Қоғамның Жалғыз акционері міндетті:

1) Заңнамада және Жарғыда көзделген тәртіппен акцияларды төлеуге;

2) осы акционерге тиесілі акцияны тіркеушілерге және атаулы ұстаушыға Қоғам акциясын ұстаушыларының тізілімі жүйесін жүргізуге қажет мәліметтің өзгергендігі туралы он күн ішінде хабар беруге;

3) Қоғам туралы немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді жарияламауға;

4) Заңнамаға сәйкес өзге де міндеттемелерді орындауға.

34. Қоғам және Қоғамды тіркеуші Жарғының 33-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды Жалғыз акционердің орындамауынан туындаған салдарларға жауап бермейді.

7. ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ

35. Қоғамның мүлкі мыналардың есебінен қалыптасады:

- 1) Жалғыз акционердің Қоғам акциясына төлем ретінде берген мүлігінен;
- 2) Қоғамның қызметі нәтижесінде алынған табыстан;
- 3) Заңнамамен тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге де мүлік есебінен.

8. АКЦИЯЛАР ЖӘНЕ БАСҚА ДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

36. Қоғам акциялар, облигациялар, айналымдағы және басқа да бағалы қағаздар, оның ішінде туынды да шығаруға құқықты. Қоғамның бағалы қағаздарды шығару, орналастыру, айналымы және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес анықталады.

37. Қоғам тек қана жай акциялар шығарады.

38. Жай акция Жалғыз акционерге оның қарауына енгізілген барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын береді. Жай акция сонымен қатар Жалғыз акционерге Қоғамда таза кіріс болғанда дивидендтер алу және Заңнамаға сәйкес ол таратылған жағдайда Қоғам мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

39. Акцияларды шығару құжатсыз түрде жүзеге асырылады.

40. Қоғамның акцияларын орналастыру (сату), оның ішінде Қоғамның жарияланған акцияларының саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны, орналастыру тәсілі және бағасы туралы шешімді Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайды.

41. Қоғам өз акцияларын олардың шығарылымы мемлекеттік тіркелгеннен соң немесе жарияланған акция саны шегінде бірнеше рет орналастырғаннан кейін орналастырады.

42. Қоғамның орналастырылатын акцияларына төлем төлеу үшін ақша, мүліктік құқық (оның ішінде интеллектуалдық меншік объектісіне құқық) және Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда өзге де мүлік пайдаланылады.

Ақшадан өзге басқа мүлікпен төлем төлеу Заңнамаға сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы белгілеген баға бойынша жүзеге асырылады.

43. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесін қалыптастыруды, жүргізуді және сақтауды Қоғамның және оның аффилиирленген тұлғаларының аффилиирленген тұлғасы болмайтын Қоғамның тәуелсіз тіркеушісі заңнамаға сәйкес жүзеге асырады.

44. Қоғам өзі орналастырған бағалы қағаздарды мынадай жағдайда ғана кепілге ала алады:

- 1) кепілдікке берілетін бағалы қағаздар толық төленгенде;
- 2) Қоғамның кепілге берілген және өзінің кепілдігіндегі акциялардың жалпы саны Қоғам сатып алған акцияларды қоспағанда Қоғам орналастырған акциялар санының жиырма бес пайызын құрағанда;

3) акциялар кепілдігінің шарты Жалғыз акционермен мақұлданған.

9. ДИВИДЕНДТЕР

45. Қоғамның Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес Қоғаммен төленетін Жалғыз акционерге тиесілі акциялар бойынша кіріс дивиденд болып табылады.

46. Дивидендтер ақшалай, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді. Жалғыз акционердің жазбаша келісімі болған жағдайда Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді оның бағалы қағаздарымен төлеу, Қоғамның жарияланған акцияларымен және олардың шығарған облигацияларымен төлеу арқылы жүзеге асырылады.

47. Қоғамның Басқармасы бір пакет акциясына арналған дивиденд мөлшерінің болжамды көрсеткішін Жалғыз акционерге жоспарлы жылдан кейінгі жылдың 1 наурызына дейін береді.

48. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жыл қорытындысы бойынша жүзеге асырылады. Жыл қорытындысы бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

49. Жыл қорытындысы бойынша дивидендтер дивиденд төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда Жалғыз акционер белгілеген мерзімде төленеді.

50. Жалғыз акционер Заңнамада және Жарғыда көзделген құзырет шегінде шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті жариялаумен Қоғамның жай акциялары бойынша жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер төлемейтіндігі туралы шешім қабылдайды.

51. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен бастап он күн ішінде бұл шешімді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға тиіс.

Дивидендтер төлеу туралы шешімнің мазмұнында мынадай ақпарат болуы тиіс:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға арналған есеп бойынша дивидендтің мөлшері;
- 4) дивиденд төлеу басталатын күн;
- 5) дивидендтерді төлеудің тәртібі және нысаны.

52. Дивидендтер орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ соттың немесе Қоғамның Жалғыз акционерінің оны тарату туралы шешімі болған жағдайда есептелмейді және төленбейді.

53. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге мынадай жағдайларда жол берілмейді:

1) Қоғамның жеке капиталының мөлшері теріс болғанда немесе Қоғамның жеке капиталының мөлшері өзінің акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болғанда;

2) егер Қоғам төлеуге қабілетсіз немесе Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес дәрменсіз белгісіне жауап берген немесе аталған белгілер өзінің акциялары бойынша дивидендтер есептеу

нәтижесінде Қоғамда пайда болған жағдайда.

54. Жалғыз акционер Қоғамның берешегі қалыптасқан мерзімге қарамастан алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқықты.

55. Дивидендтер белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда Жалғыз акционерге ақшалай міндеттеменің орындалу күніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ресми мөлшерлемесіне сәйкес немесе тиісті бөлігіне есептелетін дивидендтердің негізгі сомасы мен өсімі төленеді.

56. Жарғының 53-тармағын бұза отырып жасалған іс-қимылдар Қоғамның кредиторларының мүдделеріне зиян келтіретін іс-қимылдар деп қарастырылады және кез-келген мүдделі тұлғаның шағымы бойынша сотпен негізсіз деп танылады.

10. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

57. Қоғамның органдары болып мыналар табылады:

- 1) жоғарғы орган – «КазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Холдинг) Директорлар кеңесі атынан Жалғыз акционер;
- 2) басқарушы орган – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма;
- 4) қаржылық-шаруашылық қызметті бақылауды жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі.

11. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

58. Заңнамамен және Қоғам Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімді Холдингтің Директорлар кеңесі заңнамаға сәйкес қабылдайды және белгіленген тәртіппен рәсімдейді.

Қоғамның акциясын сату туралы шешім Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаулы қабылдауы арқылы қабылданады.

59. Жалғыз акционер жыл сайын қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде акционерлердің жылдық жалпы жиналысы құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешу жөнінде шешім қабылдауға міндетті. Есеп кезеңінде Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып есептеледі.

60. Жалғыз акционер шешім қабылдау үшін акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғам Басқармасы, өзімен жасалған шартқа сәйкес Қоғам тіркеушісі, Қоғамның Директорлар кеңесі, Қоғамды таратушы комиссия дайындайды.

61. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер Қоғамның Директорлар кеңесінің бастамасымен Жалғыз акционердің қарауына енгізіледі.

62. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа мәселелер Қоғамның Директорлар кеңесінің, Жалғыз

акционердің бастамасымен, ерікті түрде таратылу процесінде Қоғамның тарату комиссиясының бастамасымен Жалғыз акционердің қарауына енгізіледі.

63. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен Жалғыз акционер қарауына мәселелерді енгізудің міндетті жағдайлары қарастырылуы мүмкін.

64. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша шығысты, заңнамада белгіленген жағдайды қоспағанда, Қоғам көтереді.

65. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер жөніндегі материалдарда осы мәселе бойынша заңды және негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпарат болуға тиіс.

66. Қоғамның органдарын сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылып отырған кандидаттар туралы мынадай ақпарат болуы тиіс:

- 1) аты-жөні, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәлімет;
- 3) Қоғамға қатысты аффилиирленгендігі туралы мәлімет;
- 4) жұмыс орны және соңғы үш жылдағы лауазымы туралы мәлімет;
- 5) кандидаттардың біліктігін растайтын өзге ақпарат, олардың жұмыс тәжірибесі.

67. Жалғыз акционердің қарауына Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе шығарылған жағдайда, материалда Директорлар кеңесіне мүше ретінде ұсынылып отырған кандидат Жалғыз акционердің өкілі болып табылады ма, жоқ па және (немесе) Қоғамның тәуелсіз директорының қызметіне кандидат па, жоқ па екендігі көрсетілуі тиіс.

68. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер жөніндегі материалдарда:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі;
- 2) жылдық қаржылық есептілікке қоса берілген аудиторлық есеп;
- 3) Директорлар кеңесінің Қоғамның таза табысын бөлісу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы есеппен бір жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстар;
- 4) акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер жөніндегі бастамашының қарастыруымен өзге де құжаттар болуы тиіс.

69. Жалғыз акционердің шешімі Қоғам Басқармасымен сақталуы және кез-келген уақытта танысу үшін Жалғыз акционерге ұсынылуы тиіс. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша оған Жалғыз акционер шешімінің көшірмесі беріледі.

12. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ

70. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;

- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамның ерікті түрде қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту, (жарияланған акциялардың санын, сонымен қатар Холдингпен төлеуге жатқызылған акцияларды анықтау) немесе Қоғамның орналаспаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның акцияларын орналастыру (сату) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шеңберінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны, оларды орналастыру тәсілі және бағасы туралы шешім қабылдау;
- 6) Қоғамның бағалы қағаздар айналысының шартын және тәртібін, сондай-ақ олардың өзгеруін анықтау;
- 7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттілігінің мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшерін және оны төлеу талаптарын анықтау;
- 8) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 9) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- 10) Қоғамның есеп жылындағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшерін бекіту;
- 11) Жарғының 53-тармағында көзделген жағдайлар басталғанда Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешімдер қабылдау;
- 12) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 13) Қоғамға жатқызылған барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаны құру немесе оның қызметіне қатысу туралы шешім қабылдау;
- 14) Заңнамаға сәйкес Қоғам акцияларды сатып алған жағдайда оның құнын анықтау әдістемесіне енгізілетін өзгерістерді бекіту (Қоғам құрылғанда әдістеме бекітілмеген болса, оны бекіту);
- 15) Қоғамның Директорлар кеңесімен шешім қабылданбаған жағдайда, Қоғамның мүдделілік танытатын мәмілелерді жасасуы туралы шешім қабылдау;
- 16) заңнамаға, осы Жарғыға және Қоғамның ішкі құжаттарына, оның ішінде Қоғамның тәуелсіз директорлары және дивидендтік саясаты туралы ережесіне сәйкес Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған Қоғамның ішкі құжаттарын бекіту;
- 17) Жалғыз акционердің қарауына енгізілетін мәселелердің күн тәртібін бекіту;
- 18) Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру, сонымен қатар заңнамаға сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау тәртібін айқындау;

19 осы Жарғымен және Заңнамамен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер бойынша шешім қабылдау.

71. Егер Заңнамада өзге көзделмесе, Заңнамамен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған және олар бойынша шешім қабылданатын мәселелер басқа органдардың, Қоғамның лауазымдық тұлғаларының және жұмыскерлерінің құзыретіне берілмейді.

72. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез-келген шешімін тоқтатуға құқықты.

13. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

73. Директорлар кеңесі Заңнамамен және Жарғымен Жалғыз акционердің және Қоғам Басқармасының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылық етеді. Директорлар кеңесінің шешімі осы тарауда анықталған тәртіппен қабылданады.

Директорлар кеңесі Жалғыз акционермен бекітілетін Директорлар кеңесі туралы ереже негізінде әрекет етеді.

74. Егер Заңнамамен өзге белгіленбесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;
- 2) Жалғыз акционердің қарауына мәселелер енгізу;
- 3) Қоғамның орналастырылған акцияларын немесе өзге де бағалы қағаздарын сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 5) Жалғыз акционерге Қоғамның аяқталған қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясын есепке алып дивидендтер мөлшері туралы ұсыныс беру;
- 6) Қоғамның облигацияларын және бағалы қағаздарының туындыларын шығару шартын айқындау;
- 7) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттігінің мерзімін анықтау, Төрағаны, Төраға орынбасарларын және Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8) Төрағаның, Төраға орынбасарларының және Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекақы төлеу және сыйақы беру талаптарын анықтау;
- 9) Қоғамда ішкі бақылау рәсімдерінің сақталуын орнату және бақылау және тиісті жылға Ішкі аудит қызметінің жұмыс жоспарын бекіту;
- 10) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын анықтау, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 11) Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, оның құзыреті мен функциясын, Ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру мөлшері мен талаптарын анықтау, сондай-ақ Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің біліктілік талаптарын бекіту, оларға тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдау;

12) Қоғамның корпоративтік хатшысын тағайындау, өкілеттілігінің мерзімін анықтау, оның өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық қызметақысын және сыйақы мөлшерін айқындау, Қоғамның Корпоративтік хатшы туралы ережесін бекіту;

13) аудиторлық ұйымның қызметіне төлем төлеу мөлшерін, сондай-ақ ірі мәміленің мәні болып табылатын Қоғам акцияларын төлеуге берілген мүліктің нарықтық құнын бағалайтын бағалаушыға ақы төлеу мөлшерін айқындау;

14) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Жалғыз акционер бекітетін және Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), сонымен қатар Директорлар кеңесі Қызметінің регламентін және Есеп саясатын, Қоғамның бағалы қағаздарының аукционын және жазылуын жүргізу талаптары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту;

15) Комитеттер құру, оларды қалыптастыру тәртібін және жұмысын, құрамын, қызметін және өкілеттік шегін анықтау, олар туралы ережелерді бекіту;

16) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

17) Қоғамның басқа ұйымдардың құрылуы мен қызметіне қатысуы, сондай-ақ Заңнамада көзделген жағдайды қоспағанда, олардың үлесі мен акцияларынан бас тарту туралы шешім қабылдау;

18) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесі) он және одан да көп пайызын сатып алуы туралы шешім қабылдау;

19) акциялардың он және одан да көп пайызы (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушылар) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызметі мәселелері бойынша шешім қабылдау;

20) өз капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайыз мөлшерін құрайтын қоғам міндеттемелерінің шамасын ұлғайту;

21) Қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда, Қоғамның тіркеушісін таңдау;

22) Қоғам туралы немесе қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;

23) жасалуына Қоғам мүдделі ірі мәмілелер және мәмілелердің жасалуы туралы шешім қабылдау;

24) Қоғамның даму жоспарын және оның орындалуы туралы есепті бекіту;

25) Қоғамның бюджетін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

26) Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін тізбе бойынша Басқарма мүшелері болып табылмайтын Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын және өзге де қызметкерлерін тағайындауды, ауыстыруды және

жұмыстан босатуды келісу;

27) Қоғамның орталық аппаратының, филиалдары мен өкілдіктері қызметкерлерінің штатын (жалпы санын) бекіту;

28) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің қаржы тәуекелін бақылау бойынша қызметті жүзеге асырушы қызметкерлердің өкілеттілік мерзімін анықтау, олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ аталған құрылымдық бөлімше қызметкерлерінің лауазымдық еңбекақы мөлшерін және сыйақы төлеу талаптарын анықтау, Қоғамның қаржы тәуекелін бағалау бойынша қызметті жүзеге асырушы құрылымдық бөлімше туралы ережесін бекіту.

29) Заңнамада және осы Жарғыда көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

75. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Қоғам Басқармасына шешім қабылдау үшін берілмейді.

Директорлар кеңесі Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне берілген мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешіміне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

76. Қоғам акционері болып табылмайтын және Жалғыз акционердің мүддесін білдіруші ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған жеке тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады. Мұндай тұлғалар саны Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан аспауы тиіс.

77. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамнан тұруы тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылатын тәуелсіз директорлар саны Директорлар кеңесі мүшелері санының үштен бірінен кем болмауы тиіс.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар заңнамамен және Қоғам Жарғысымен анықталады.

78. Басқарма төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

79. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамына Холдинг өкілі (өкілдері), лауазымы бойынша Қоғам Басқармасының төрағасы, тәуелсіз директорлар кіреді. Директорлар кеңесінің Төрағасы болып Холдинг өкілі сайланады.

80. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар заңнамамен өзгеше көзделмесе, шектеусіз сан рет қайта сайлана алады.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі жаңа Директорлар кеңесінің сайлануы жүргізілетін Жалғыз акционер шешімі қабылданған сәттен бастап тоқтатылады. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқықты. Директорлар кеңесі мүшелерінің өз бастамасымен өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне берілетін жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Жалғыз акционермен Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі сайланған

жағдайда, соңғысының өкілеттігі толығымен Директорлар кеңесі өкілеттігінің мерзімімен бірге тоқтатылады.

81. Мына тұлғалар Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды:

1) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталғандығы бар;

2) белгіленген тәртіпте оны мәжбүрлеп тарату, акциясын мәжбүрлеп сатып алу, консервациялау немесе банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жыл бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (Басқарма төрағасы), басшының орынбасары, басқа заңды тұлғаның бас бухгалтері болып табылған тұлға. Осы талап белгіленген тәртіпте мәжбүрлеп тарату, мәжбүрлеп акциясын сатып алу, консервациялау немесе банкрот деп тану туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады.

82. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің арасынан жалпы мүшелер санының көпшілік даусымен құпия дауыс беру арқылы сайланады. Директорлар кеңесі Төрағаны кез келген уақытта қайта сайлауға құқықты.

83. Директорлар кеңесінің төрағасы заңнамада және Жарғыда белгіленген тәртіппен:

1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

2) Директорлар кеңесінің мәжілісін шақырады және төрағалық етеді;

3) мәжілісте хаттаманың жүргізілуін ұйымдастырады;

4) Қоғам Басқармасының төрағасымен Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық қызметақысының мөлшерін белгілеумен Қоғам атынан еңбек шартын жасайды. Бұл ретте осы еңбек шарты бойынша Қоғам Басқармасының төрағасын материалдық көтермелеу Қоғам қызметінің нәтижесіне тікелей тәуелділікті көздеуге тиіс;

5) Қоғамның атынан корпоративтік хатшымен, Ішкі аудит қызметінің басшысымен және қызметкерлерімен еңбек шартын (қосымша келісім) жасасады;

6) Ішкі аудит қызметі басшысының лауазымдық нұсқаулығын бекітеді;

84. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның жұмысын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі атқарды.

85. Директорлар кеңесінің отырысы Төраға немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша немесе мыналардың талаптары бойынша шақырылуы мүмкін:

1) Директорлар кеңесінің кез-келген мүшесінің;

2) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің;

3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымының;

4) Жалғыз акционердің.

86. Директорлар кеңесі отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына ұсынылатын Директорлар кеңесінің күн тәртібінен тұратын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы беріледі.

Директорлар кеңесінің төрағасы мәжілісті шақыртудан бас тартқан

жағдайда бастамашы аталған талаппен Директорлар кеңесін шақыруға міндетті Басқармаға баруға құқықты.

Директорлар кеңесінің мәжілісі Директорлар кеңесінің төрағасынан немесе Басқармадан шақыру туралы талап түскен күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірілмей шақырылуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мәжілісі аталған талапты ұсынған тұлғаны міндетті түрде шақырумен өткізіледі.

87. Директорлар кеңесі мүшелеріне Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы хабарламаны жіберу тәртібін Қоғамның Директорлар кеңесі айқындайды.

Директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібіне өзгерістер және/немесе қосымша сұрақтар, отырысқа қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік санымен келіскен және өткізуге кворум болған жағдайда енгізілуі мүмкін..

88. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің мәжілісіне өзінің қатыса алмайтындығы туралы алдын ала хабар беруге міндетті.

89. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу кворумы Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысын құрайды және болмаған Директорлар кеңесі мүшелері ескеріле отырып анықталуы мүмкін (олардың жазбаша түрде берілген дауысы болған жағдайда).

90. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғының 89-тармағында анықталған кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болса, Директорлар кеңесі өзінің жаңа мүшелерін сайлау туралы мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығаруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері мұндай мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығару туралы ғана шешімді қабылдауға құқықты.

91. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы бар. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесі мәжілісіне қатысқан мүшелердің жәй басым дауысымен қабылданады, егер заңнамада және осы Жарғыда өзге жәй көзделмесе. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, оның ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді. Директорлар кеңесінің мүшелері өздері қатыспаған Директорлар кеңесінің қандай да бір мәжілісіне қатысуға өзінің өкілін тағайындауға құқығы жоқ.

Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің мәжілісіне төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі қабылдайтын шешіммен толық немесе ішінара келіспеген жағдайда, ол өзінің келіспейтіндігін дауысқа шығарылған мәселе бойынша айрықша көзқарасы ретінде беруге міндетті, оны Директорлар кеңесінің хатшысы (корпоративтік хатшы) тікелей қатысу тәртібімен өткізілетін Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамасына тіркейді. Егер Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда, Директорлар кеңесі мүшесінің айрықша көзқарасы жазбаша түрде және толтырылған бюллетеньге қоса берілуі тиіс.

Директорлар кеңесі өзінің жабық мәжілісін өткізу туралы шешім қабылдауға құқықты, оған тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

92. Егер Директорлар кеңесі жасалуына Қоғам мүдделі мәміле бойынша шешім қабылдауы тиіс болса, шешім қабылдау үшін қажет дауыстар саны заңнама бойынша мұндай мәмілеге мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде екі дауысын құрауы тиіс. Қоғамның мүдделілігі бар мәмілені жасауы туралы шешім мәміленің жасалуына мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Егер, мұндай мәмілені жасау туралы шешім қабылдау үшін қажет дауыстар саны жеткіліксіз болса, оны жасау туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

93. Қоғамның Директорлар кеңесі мәжілісін өткізуге бастама жасаушының қалауы бойынша өның қарауына шығарылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешім қабылдауы сырттай дауыс беру арқылы болуы мүмкін. Бұл ретте мәжілістің күн тәртібі мәселесі бойынша сырттай дауыс беру үшін бюллетендер қолданылады.

Сырттай дауыс беру арқылы шешім алынған бюллетендерде белгіленген мерзімде кворум болған жағдайда қабылданды деп танылады.

94. Директорлар кеңесінің сырттай өткізілген мәжілісінің шешімі жазбаша түрде рәсімделуі және оған директорлар кеңесінің төрағасы мен хатшысы (корпоративтік хатшы) қол қоюы тиіс, сондай-ақ онда:

- 1) Қоғамның (оның Басқармасының) атауы мен орналасқан жері;
- 2) жазбаша рәсімделген сырттай өткізілген мәжілістің күні және орны;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәлімет;
- 4) мәжілісті шақыратын тұлғаны (органды) көрсету;
- 5) мәжілістің күн тәртібі;
- 6) шешім қабылдау үшін кворумның болуы/болмауы туралы жазба;
- 7) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру қорытындысы және қабылданған шешім;
- 8) өзге де мәліметтер болуы тиіс.

Шешім рәсімделген күннен бастап жиырма күн ішінде ол Директорлар кеңесі мүшелеріне олардың негізінде қабылданған бюллетендердің көшірмесімен бірге жіберуі тиіс.

95. Тікелей өткізілген мәжілістерде қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері мәжіліс өткен күннен бастап үш күн ішінде мәжілісте төрағалық еткен тұлға және Директорлар кеңесінің хатшысы (корпоративтік хатшы) жасап қол қоюға тиіс хаттама түрінде рәсімделеді және онда:

- 1) Қоғамның (оның Басқармасының) толық атауы және орналасқан жері;
- 2) мәжілістің өткізілетін күні, уақыты және жері;
- 3) мәжіліске қатысатын тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) мәжілістің күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс берудің қорытындысы;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімдері жөніндегі өзге мәліметтер болуы

тиіс.

Сырттай дауыс беру арқылы өткізілген Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамалары және Директорлар кеңесінің шешімдері, сондай-ақ қол қойылған бюллетеньдер Қоғамның мұрағатында сақталады.

96. Директорлар кеңесінің хатшысы (корпоративтік хатшы) Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерін танысу үшін беруге және (немесе) хаттаманың және Директорлар кеңесінің хатшысы қол қойып Қоғамның мөрін басып растаған шешімнің үзіндісін беруге міндетті.

14. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

97. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін Қоғамда мына мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің Комитеттері құрылуы мүмкін:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар мен сыйақылар;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер;

5) заңнамада және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәселелер.

98. Директорлар кеңесінің Комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және дауыс құқығы жоқ, нақты Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшыдан тұрады.

Комитет төрағасын қоса алғандағы Комитет мүшелерін Директорлар кеңесі мүшелерінің қатарынан Директорлар кеңесі тағайындайды. Қоғамның Басқарма төрағасы Директорлар кеңесі Комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесінің сарапшысы ретінде тиісті білімі бар Қоғамның қызметкерлері тартылуы мүмкін. Директорлар кеңесі сарапшылар ретінде өзге жеке тұлғаларды тарту туралы шешім қабылдауға құқықты.

99. Директорлар кеңесі комитеттерінің қалыптасу және жұмыс тәртібі, сандық құрамы, сондай-ақ олардың Қоғамның Директорлар кеңесімен өзара қарым-қатынас рәсімі Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленеді.

15. ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРМАСЫ

100. Басқарма Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық етеді. Басқарма Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның Басқармасы туралы ереже негізінде іс-қимыл жасайды. Қоғамның Басқармасын Қоғамның Басқарма төрағасы басқарады.

101. Басқарма заңнамада және Жарғыда Қоғамның басқа органдарының және оның лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам

қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқықты, оның ішінде:

1) заңнамада және Жарғыда белгіленген тәртіппен Қоғам атынан жасалған мәмілелер бойынша Қоғамның міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етеді;

2) Директорлар кеңесі бекіткен қызметкерлердің штатын (жалпы санын) ескере отырып, Қоғамның орталық аппаратының, филиалдары мен өкілдіктерінің құрылымын және штат кестесін бекітеді;

3) Қоғамның филиалдарының, өкілдіктерінің жұмысын үйлестіреді және оған бағыт береді;

4) Қоғамның барлық қызметкерлері орындауға міндетті шешім шығарады (қаулы, мәжіліс хаттамасы, сырттай мәжіліс шешімі) және нұсқаулар береді;

5) Директорлар кеңесі және Жалғыз акционер бекітетін құжаттарға жатпайтын, Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді;

6) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешім қабылдайды;

7) Қоғам міндеттемелерін Қоғамның меншік капиталы мөлшерінің 2-ден 10 пайыз аралығын құрайтын сомаға ұлғайту туралы шешім қабылдайды;

8) Қоғамда ішкі бақылау және тәуекелді басқару рәсімін әзірлейді және енгізеді;

9) Қоғамның стратегиялық даму құжаттарының жобасын және оның орындалуы туралы есептерді дайындайды;

10) Жалғыз акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғамның қызметін қамтамасыз етудің өзге де мәселелері бойынша шешім қабылдайды.

102. Басқарма Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Қоғам Басқарманың Қоғам белгілеген шектеулерді бұза отырып жасаған мәмілесін егер ол мәміле жасалған сәтте тараптардың мұндай шектеулердің барлығын білгендігін дәлелдесе, онда оны даулауға құқықты.

103. Қоғам Басқармасын құру, оның өкілеттігі, сондай-ақ өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы заңнамаға және Жарғыға сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады.

104. Басқарма мүшелері Қоғамның қызметкерлері болуы мүмкін.

Басқарма мүшесі тек Директорлар кеңесінің келісімімен басқа ұйымдарда жұмыс істеуге не өзге де ақы төленетін қызметпен, оның ішінде кәсіпкерлік қызметімен де айналысуға құқықты. Басқарма мүшесі педагогикалық, ғылыми және өзге шығармашылық қызметті жүзеге асырған жағдайда, Директорлар кеңесінің келісімі талап етілмейді. Қоғамның Басқарма төрағасы атқарушы орган басшысының не атқарушы орган функциясын жеке өзі жүзеге асыратын тұлғаның, басқа заңды тұлғаның қызметін атқара алмайды.

Басқарма мүшелері зиянды келтірмеу, Басқарма мәжілісін шақыруды ұсыну, Басқарма төрағасын хабарландыру жолымен немесе басқа да қол жетімді тәсілмен Қоғам қызметін оңтайландыру үшін қажет шараларды

қолдануға міндетті. Басқарма мүшелері Басқарма төрағасын өздері жетекшілік ететін мәселелер шеңберіндегі істердің жәй-күйі туралы хабардар етеді.

Басқарма мүшесінің өзге де қызметі, құқықтары мен міндеттері Заңнамада, Жарғыда, сондай-ақ Қоғамның аталған тұлғамен жасаған еңбек шартында анықталады. Қоғам атынан Басқарма төрағасымен жасалған еңбек шартына және басқа да шарттарға Директорлар кеңесінің төрағасы немесе осыған Жалғыз акционер өкілетті еткен тұлға қол қояды. Қалған Басқарма мүшелерімен жасалатын еңбек шартына Басқарма төрағасы қол қояды.

105. Басқарма 3 (үштен) кем емес адам санынан құрылады.

106. Басқарма мәжілісі оның Төрағасының немесе Қоғам Басқармасы мүшелерінің не Қоғамның құрылымдық бөлімшелері басшыларының бастамашылық етуімен, Басқарма мәжілісінің ұсынып отырған күн тәртібі берілген тиісті хабарламаны Қоғам Басқармасының барлық мүшелеріне жіберу арқылы шақырылуы мүмкін. Материалдарды дайындап Басқарма мүшелеріне жіберуді Қоғам Басқармасының хатшысы жүзеге асырады.

Басқарма мәжілісін өткізу кворумы Басқарманың сайланған мүшелері санының кемінде жартысынан тұрады.

Басқарма мәжілістерін шақыру, дайындау және өткізу тәртібі Қоғам Басқармасы бекіткен ішкі құжаттармен қосымша реттелуі мүмкін.

107. Басқарма өз қызметін мынадай тәсілдермен шешім қабылдау арқылы жүзеге асырады:

1) Басқарма мүшелерінің оның отырысында (мәжіліске тікелей қатысып) дауыс беру арқылы;

2) Басқарма мүшелерінің сырттай шешімі арқылы (сырттай мәжілісі – сұрау жолымен).

Басқарма шешімі оның мәжілісіне қатысып отырған немесе сырттай дауыс беруге қатысқан Басқарма мүшелерінің көпшілігінің дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма төрағасы немесе ол болмаған уақытта Басқарма төрағасының міндеттерін орындаушы Басқарма мүшесі дауыс берген шешім қабылданады.

108. Басқарма төрағасы:

1) Басқарманы басқарады;

2) Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесі шешімінің орындалуын ұйымдастырады;

3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында Қоғамның атынан сенімхатсыз іс-қимыл жасайды;

4) Қоғамның үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында Қоғамның мүддесін білдіру құқығына сенімхаттар береді;

5) Қоғамның меншік капиталы мөлшерінің 2 пайызына дейін құрайтын сомаға Қоғам міндеттемелерін ұлғайту туралы шешім қабылдайды;

